

"Автомобиль көлігімен тасымалданатын процесті бақылау" кәсіби стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 314 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 4 наурызда № 10385 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 25 ақпандағы № 224 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 25.02.2016 № 224 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Автомобиль көлігімен тасымалданатын процесті бақылау» кәсіби стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көліктік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы «Әділет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға **к ө ш і р м е с і н ж і б е р у д і ;**

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3)-тармақшаларында көзделген шаралар туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне **ұ с ы н у д ы қ а м т а м а с ы з е т с і н .**

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму бірінші вице-министрі Ж.М. Қасымбекке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы Ж. Қасымбек

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі
Т. Дүйсенова

2015 жылғы 21 қаңтар

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрі міндетін атқарушының
2014 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 314 бұйрығымен
бекітілген

«Автомобиль көлігімен тасымалданатын процесті бақылау» кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Автомобиль көлігімен тасымалданатын процесті бақылау» кәсіби стандарты білім беру бағдарламаларын, оның ішінде кәсіпорындағы персоналды оқыту үшін білім беру мен мекемелердегі қызметкерлер мен түлектерді сертификаттау үшін және персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешу үшін арналған.

2. Осы кәсіби стандартта мынадай терминдер және анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайын болу дәрежесі;

2) біліктілік анықтамалығы – басшылардың, мамандардың және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.

3) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместігін, жауапкершілігі мен дербестілігі өлшемдеріне қарай сараланатын қызметкердің даярлығы мен құзіреттілігінің деңгейіне қойылатын талаптар жиынтығы,

4) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

5) ұлттық біліктілік жүйесі – еңбек нарық жағынан мамандардың біліктілігіне сұраныстар мен ұсыныстарды құқықтық және институционалды реттеу тетіктерінің жиынтығы;

6) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

7) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

8) кәсіп – арнайы дайындық нәтижесінде пайда болатын және білі туралы тиісті құжаттармен расталатын нақты білімін, шеберлігін және практикалық дағдыларын талап ететін адамның еңбек қызметінің негізгі түрі;

9) кәсіби топ – ортақ интеграциялық негізі (ұқсас немесе жақын тағайындау, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) бар және оларды орындау үшін еңбек функцияларының және құзыреттіліктерінің ұқсас жиынтығын көздейтін кәсіби кіші топтардың жиынтығы;

10) кәсіптік кіші топ – еңбек функцияларының және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің біртұтас жиынымен қалыптастырылған кәсіптер жиынтығы;

11) кәсіби стандарт – еңбектің біліктілік, құзіреттілік, мазмұндық, сапалық және шарттық деңгейлеріндегі нақты саладағы кәсіби қызметті анықтайтын стандарт;

12) сала – шығаратын өнімдерінің, өндіріс технологияларының, негізгі қорларының және жұмыс істеушілердің кәсіби машықтарының ортақтастығы тән кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы.

3. Осы кәсіби стандартта келесі қысқартулар пайдаланылады:

1) ҰБШ - ұлттық біліктілік шеңбері;

2) ҰБЖ - ұлттық біліктілік жүйесі;

3) СБШ - салалық біліктілік шеңбері;

4) КҚС - кәсіптік қызмет саласы;

5) БА - біліктілік анықтамалығы.

2. Кәсіби стандарттың паспорты

4. Кәсіби стандарттың атауы: Автомобиль көлігімен тасымалданатын процесі бақылау.

5. Кәсіби стандартты әзірлеу мақсаты: кәсіби стандарттың мазмұнына қойылатын біріңғай талаптарды сәйкестендіру және бекіту, автокөлік құралын техникалық пайдалануды ұйымдастыру аясында мамандарға қойылатын

біліктілік деңгейінің нақты өлшемдерін айқындау.

6. Кәсіби стандарттың қысқаша сипаттамасы: автомобиль көлігі арқылы тасымалдау процесін қамтамасыз ету бойынша шараларды ұйымдастырып, жүзеге асыру

7. Негізгі топ: көлік

Кәсіби топ: жүктер мен жолаушыларды тасымалдау бойынша қызметтер.

3. Кәсіптер карточкалары

8. Кәсіп тізбесі:

автомобиль көлігінің ревизоры, СБШ бойынша 4 біліктілік деңгейі; қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі инженер, СБШ бойынша 5 біліктілік деңгейі.

Кәсіптер карточкалары осы кәсіби стандарттың қосымшасында келтірілген.

«Автомобиль көлігімен тасымалданатын процесті бақылау» кәсіби стандартына қосымша

Кәсіптер карточкалары

Автомобиль көлігінің ревизоры» КӘСІП КАРТОЧКАСЫ	
Кәсіп коды	3152
Кәсіп атауы	Автомобиль көлігінің ревизоры
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4
БА бойынша біліктілік деңгейі	4
Кәсіби білім деңгейі	Тиісті мамандық бойынша техникалық және кәсіптік білім
Еңбек функциялары	1. Клиенттік жоспарлардың орындау туралы есептіліктің дұрыстығын жолаушыларды тасымалдаудың белгіленген көлемінің орындалуын бақылау
1 еңбек функциясы Клиенттік жоспарлардың орындау туралы есептіліктің дұрыстығын, жолаушыларды тасымалдаудың белгіленген көлемінің орындалуын бақылау	Шеберлігі мен дағдылар: 1. Автокөлік құралы арқылы жолаушыларды, жүкті және почтаны тасымалда кезінде автокәсіпорын жұмысшылары арқылы тарифтер мен алымдардың дұрыс қолданылуын және жолаушылар автокөлігімен жолаушылар мен жүкт тасымалдау кезінде түскен түсімнің толық көлемін бақылау дағдыс 2. Алмасушы кондукторды қолдана отырып, соңғы немесе аралық аялдамалар; билеттік-есептік парақ пен кондуктор кассасының дұрыс жүргізілуін тексер 3. Кондуктордың кассасында артық ақша қаражат анықталғанда, қаражатты жетіспеушілігінде, билетсіз жолаушылар анықталған жағдайда белгіленге үлгідегі актілерді құра білу 4. Автомобиль көлігінің жұмыс уақытын есептеу және басқа да бекітілге құжаттар бойынша сапарлық, тауар-көлік және басқа да бастапқы құжаттарды дұрыс рәсімделуін тексеру дағдыс 5. Азаматтардың арыздары өтініштері, және ұсыныстары бойынша жоспарл және жоспардан тыс басқа да бақылау-ревизиялық іс-шараларды өткізу дағдыс

	6. Ауысымда атқырылған жұмыс туралы есептілікті құру дағдыс 7. Жол жүрудің электронды төлем жүйесі жабдығымен жұмыс істеу дағдысы біл	
	<p>Б і л і м і :</p> <p>1. «Қазақстан Республикасындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс 2001 жылғы 30 қаңтардағы № 155-ІІ Қазақстан Республикасы заңнамасыме белгіленген көліктегі әкімшілік құқық бұзушылықтар және олардың түрле</p> <p>2. Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 23-8) тармақшасына сәйкес құзырет орган бекітетін автомобиль көлігі арқылы жолаушылар және жүкті тасымалда қ а ғ и д а л а с ы .</p> <p>3. Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 23-9) тармақшасына сәйкес құзырет орган бекітетін Автомобиль көлігі саласындағы құзыретті орган бекіткен жүк автомобиль көлігімен тасымалдау қағидас</p> <p>4. Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 23-7) тармақшасына сәйкес құзырет орган бекітетін қауіпті жүктерді тасымалдау қағидас</p> <p>5. Бақылау-тексеру қызметінің іс-әрекетіне қатысты жоғары тұрған органдарды нормативтік-құқықтық актілері, басқа да басшылық, әдістемелік және норматив м а т е р и а л д а р ы .</p> <p>6. Автокөліктегі спидометр мен таксометрдегі майысқақ біліктерді пломбылауд қ а ғ и д а с ы м е н с ы з б а с :</p> <p>7. Бақылау-тексеру қызметі туралы ереж</p> <p>8. Билеттік жүйе және жолақы құны, билет өнімін ақшалай қаражатты, және арт қалған билетөнімдерін алу және сақтау, жүзеге асыру тәрті</p> <p>9. Кондукторлар және жүргізушілердің жұмысын бақылау бойынша іс-шаран ұйымдастыру бойынша регламен</p> <p>10. Эксплуатациялық филиалдың (парктің) бағыттық желі</p> <p>11. Жолаушылардың жол жүруіне, қолданыстағы жол жүру құжаттарыны түрлеріне, тегін (жеңілдікпен) жүру құжат түрлеріне арналған тарифті</p> <p>12. Автокөлік ұйымның жылжымалы құрамының маркалары, оларды с ы й ы м д ы л ы ғ ы .</p> <p>13. Қалалық автокөлік құралындағы еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, өндіріс с а н и т а р и я н о р м а л а р :</p> <p>14. Автокөлік құралының жұмыс есебі бойынша бастапқы құжаттарды рәсімд б о й ы н ш а р е г л а м е н</p> <p>15. Өндірісті, еңбекті және басқаруды ұйымдастыру экономикас</p> <p>16. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының негіздері.</p>	
Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар	<p>Ж а қ с ы з е й і н</p> <p>І л т и п а т т ы қ .</p> <p>Ә д е п т і л і к .</p> <p>Ж е к е ж и н а қ ы л ы ғ ы</p> <p>Ж а у а п к е р ш і л і к .</p> <p>Т ө з і м д і л і к .</p> <p>Сабырлылығы.</p>	
СБШ бойынша басқа кәсіптермен байланысы	5112	Жолаушылар көлігінің бақылауш Билет бақылаушысы
«Қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі инженер» КӘСП КАРТОЧКАСЫ		
Кәсіп коды	2145	
Кәсіп атауы	Қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі инженер	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5	

БА бойынша біліктілік деңгейі	4
Кәсіби білім деңгейі	Тиісті мамандық бойынша жоғары (немесе жоғарғы оқу орнынан кейінгі) білім
Еңбек функциялары	<p>1. Өндірістік қызметке білікті персоналдар мен ақаулары жоқ автокөлі құралдарын шағаруды бақылау.</p> <p>2. Тасымалдау процесін орындау кезіндегі жол-көлік оқиғасының алдын-алу.</p> <p>3. Қызметтері автокөлік құралдарын пайдаланумен байланысты жүргізушілер мен жұмысшылардың кәсіптік шеберлігін жоғарлату бойынша іс-шараны ұйымдастыру.</p> <p>4. Мемлекеттік уәкілетті орындармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіз жо қозғалысын қамтамасыз ету аясындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.</p>
1 еңбек функциясы Өндірістік қызметке білікті персоналдар мен ақаулары жоқ автокөлік құралдарын шағаруды бақылау	<p>Шеберлігі мен дағдылар:</p> <p>1. Өткізу жиілігін сақтап қауіпсіз қозғалыс бойынша нұсқаулық өткізу, білімдер тексеру дағдысы.</p> <p>2. Жүргізушілердің еңбек және тынығу тәртібін сақтау мақсатында қозғалыс кестесіне сәйкес жүргізушілердің өндірістік және еңбек тәртібін сақтауы бақылау.</p> <p>3. Жүргізушілердің рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық тексерістен өтуін бақылау, медициналық қайта куәландырудың өткізу кезеңділігін бақылау.</p> <p>4. Автокөлік құралын жолға шығару бойынша бақылау бекеттерінің жұмыс талдау және сапасыз жұмыс істеудің себептері.</p> <p>5. Ұйымда әрекет ететін жол қозғалысының қауіпсіздігі бойынша бұйрықтарды өкімдерді әзірлеу мен өзектендіру бойынша дағдысы.</p> <p>6. Қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз ету және жол -- көлік оқиғасының алдын-ал бөлігіндегі ұйымның барлық қызметтері мен бөлімшелерінің жұмысын тексеру дағдысы, және және анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер бойынша әрекетті іс-шараларды қабылдау үшін ұйым басшысына ұсыныстар ұсыну.</p>
	<p>Б і л і м і :</p> <p>1. «Жол қозғалысы туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы.</p> <p>2. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 23-10) тармақшасына сәйкес құзырет орган бекітетін автокөлік құралдарын техникалық пайдалану қағидасы.</p> <p>3. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 23-8) тармақшасына сәйкес құзырет орган бекітетін автомобиль көлігі арқылы жолаушылар және жүкті тасымалдау қағидасы.</p> <p>4. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 23-6) тармақшасына сәйкес құзырет орган бекітетін жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидасы, автомобиль көлігі саласындағы салалық және ұлттық стандарттар, тасымалды жүзеге асыру тәртібі туралы ережелер мен нұсқаулықтар.</p> <p>5. Автокөлік құралдарын жолға шығару қағидасы мен бақылау бекеттерінің жұмыс негіздері, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігінің нормалары.</p> <p>6. Қауіпсіз еңбек бөлігіндегі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының негіздері.</p> <p>7. Жүргізушілерге қойылатын психофизиологиялық талаптар.</p> <p>8. Автокөлік құралдарының техникалық сипаттамалары және конструктивтік ерекшеліктері, автомобильдің техникалық жағдайын техникалық жағдайы бақылауға арналған ережелер мен құралдар.</p>

	<p>9. Іс жүргізу негіздер</p> <p>10. Қауіпсіз қозғалыс бойынша есеп пен есептілікті нысандарын жүргізу бойынша регламент.</p> <p>11. Жүргізушілердің рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналы тексерістерін өткізу әдістері</p> <p>12. Нұсқаулықтардың әр түрлерін өткізудің әдістері мен нысанда</p> <p>13. Ұйымның қызметкерлерінің медициналық қайта куәландырудан өткіз саласындағы нормативтік құқықтық құжаттар, өткізу мерзімділігі.</p>
<p>2 еңбек функциясы</p> <p>Тасымалдау процесін орындау кезіндегі жол-көлік оқиғасының алдын-алу</p>	<p>Шеберлігі мен дағдылар:</p> <p>1. Автокөлік жолдарының жағдайларын зерттеп, қауіпті жолдың бөліктері көрсете отырып, автокөлік құралдарының қозғалыс сызбасын қамтамасыз ете білу.</p> <p>2. Қауіпсіз жол қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында метеорологиялы мәліметтерді талдап, жол және климаттық жағдайларды ескере отырып, автокөлік құралдарын пайдалану ерекшеліктері туралы жүргізушілерге нұсқаулық өткізу бақылау.</p> <p>3. Жол-көлік оқиғасы орын алған жерге шығу арқылы жол-көлік оқиғасын қызметтік тексерулерді жүргізу.</p> <p>4. Жол-көлік оқиғалар бойынша бекітілген есептілік нысандарын жүргізу.</p> <p>5. Қауіпті заттарды тасымалдайтын автокөлік құралдарына қойылатын талаптар сәйкес, жарылғыш, тез жанғыш, радиоактивті, улы және өзге де қауіпті жүктер тасымалдау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ете білу.</p> <p>6. Автокөлік құралдарының авариялық жағдайы тексеру мен талдау материалдарының негізінде жол-көлік оқиғасының алдын-алу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру дағдысы.</p> <p>7. Қозғалмалы құрамның бағыттарын зерттеу мен төлқұжаттандыру, жолдағы тиеу және түсіру орындарындағы, аялдама бекеттеріндегі және тағы да басқа жол-көлік қозғалысы орындарындағы жүргізушілердің еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізу дағдысы.</p> <p>8. Автокөлік құралдарына мен жаяу жүргіншілердің қозғалыс сызбасын әзәрле жол таңбаларын салы, жол белгілерін және дабыл қондырғыларын орналастыру бойынша жұмысқа басшылық ету.</p>
	<p>Б і л і м і :</p> <p>1. «Жол қозғалысы туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы</p> <p>2. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 23-8) тармақшасына сәйкес құзырет орган бекітетін автомобиль көлігі арқылы жолаушылар мен жүкті тасымалдау қағидасы.</p> <p>3. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 23-6) тармақшасына сәйкес құзырет орган бекітетін жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидасы.</p> <p>4. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 23-7) тармақшасына сәйкес құзырет орган бекітетін автокөлік құралымен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидасы және қауіпсіз жол қозғалысы бойынша басқа да заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілер, әдістемелік материалдар.</p> <p>5. Жол-көлік оқиғасын тіркеу және есепке алу реті бойынша бекітілген нормативтік-құқықтық құжаттар.</p> <p>6. Жол-көлік оқиғалардың пайда болу себептерінің алдын-алу және жою тәсілдері.</p> <p>7. Нормативтік құжаттарға сәйкес автокөлік құралдарын дұрыстығына әсер ететін және олардың нормативтік қолданысының көрсеткіштері.</p>

<p>3 еңбек функциясы 3 Қызметтері автокөлік құралдарын пайдаланумен байланысты жүргізушілер мен жұмысшылардың кәсіптік шеберлігін жоғарлату бойынша іс-шараны ұйымдастыру.</p>	<p>Шеберлігі мен дағдылар: 1. Ұымдағы жүргізушілерді машықтанудан өткізудің белгіленген тәртібі сақтауды бақылау 2. Жүргізушілерге классты беру және төмендету бойынша біліктілік комиссиясының жұмысын, сондай-ақ сондай-ақ жүргізушілер жол берге: бұзушылықтарды қарау бойынша тәртіптік комиссияның жұмысын ұйымдастыру 3. Қауіпсіз қозғалыс бойынша персоналдың білімдерін тексеруді, дәрістер және басқа да түрлерін бойынша сабақтарды ұйымдастыру мен өткізу дағдысы 4. Белгіленген тәртіпте тексеріс кестелерін әзірлеу мен бекіту. Ең жақсы жүргізушілердің авариясыз жұмысының тәжірибесін қарау бойынша жұмыстарды өткізу дағдысы</p>	
	<p>Б і л і м і : 1. «Жол қозғалысы туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 2. Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 23-6) тармақшасына сәйкес құзырет орган бекітетін жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидасы 3. Жаңадан жұмысқа қабылданған жүргізушілерге және басқа маркалы автокөлік құралға ауысуымен байланысты ұйымда белгіленген машықтануды ұйымдастыру тәртібін өткізу процесі 4. Персоналдың білімін бағалау бойынша қолда бар тиімді әдістер 5. Қауіпсіз жол қозғалысы ережелері туралы ақпараттарды насихаттаудың әдістері мен нысандары 6. Қызметкерлерді басқару негізі 7. Ең жақсы жүргізушілердің авариясыз жұмысының тәжірибесін қарау бойынша жұмыстарды өткізу дағдысы.</p>	
<p>Еңбек функциясы 4 Мемлекеттік уәкілетті орындармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіз жол қозғалысын қамтамасыз ету аясындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.</p>	<p>Шеберлігі мен дағдылар: 1. Қауіпсіз жол қозғалысын қамтамасыз етумен байланысты сұрақтар бойынша мемлекеттік органдармен бірлесіп емтихандық комиссия жұмысын ұйымдастыру 2. Ұйымның автокөлік құралдарын белгіленген тәртіпте мемлекеттік есептік тіркеуге қою және тіркеуден шығару бойынша жұмысты ұйымдастыру дағдылау 3. Мемлекеттік органдар ұсынатын арнайы деректермен ұйым жұмысы бойынша деректерді салыстыра білу 4. Персонал арқылы қауіпсіз жұмыстарды жүргізу</p>	
	<p>Б і л і м і : 1. Қазақстан Республикасының әкімшілік және қылмыстық заңнамасы 2. Автокөлік құралдарының мемлекеттік тіркелімін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттау 3. Ұйымдағы автокөлік құралдарының қатысуымен болған жол-көліктік оқиғалар туралы деректерді Уәкілетті бақылау органының ресми деректерімен салыстырудың әдістері, нысандары және тәсілдері 4. Жол-көлік оқиғаларын зерттеу бойынша әдістемелік және нормативтік құқықтық құжаттау 5. Ұжымдағы жол-көлік оқиғасын талдауды өткізудің әдістері, нысандары және тәсілдері.</p>	
<p>Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар</p>	<p>Аналитикалық ойлау қабілеті. Коммуникативтік дағдылар Басқалады сендіру және үйрете білу</p>	
<p>СБШ бойынша басқа кәсіптермен байланысы</p>	<p>2149 1239</p>	<p>Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженер-инспектор</p>

Кәсіби стандарттың техникалық деректері

Әзерленген	«Фактор» жүйелік зерттеулер компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Нұсқа номері мен шыққан жылы	1 нұсқа, 2014 жыл
Болжамды қайта қарау мерзімі	2017 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ